

## Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау

### **«Сырым аудандық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесі 2017 жылдың 10 айлығында сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу нәтижесі туралы ақпарат**

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жұмыс тобымен 2017 жылдың 30 қазанынан 1 қараша аралығы кезеңінде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агентігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығымен бекітілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына сәйкес жүргізілген.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің жұмыс тобымен (одан әрі – жұмыс тобы) нормативтік құқықтық актілер зерделенді.

Атап айтсақ «Сырым аудандық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі» мемлекеттік мекеме қызметкерлері төмендегідей кодекс, заңдарды және нормативтік құқықтық актілерді жұмыс барысында пайдаланды.

«Қазақстан Республикасының Конституциясы», «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы», «Дене шынықтыру және спорт туралы», «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы», «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы», «Мемлекеттік сатып алу туралы», «Мәдениет туралы», «Мемлекеттік көрсетілетін қызмет туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңдары, «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін есепке алу қағидалары», Қазақстан Республикасы Бас прокурорының 2015 жылғы 18 желтоқсандағы №147 бұйрығымен бекітілген, «Мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарда құжаттама жасаудың және құжаттаманы басқарудың үлгілік қағидалары» Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2014 жылғы 22 желтоқсандағы №144 бұйрығымен бекітілген, «Мемлекеттік әкімшілік қызметшілерге тәртіптік жаза қолдану қағидалары туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №152 Жарлығымен бекітілген, «Бюджеттің атқарылуы және оған қасалық қызмет көрсету ережесі туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 4 желтоқсандағы №540 бұйрығымен бекітілген, «Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепке алуды жүргізу қағидалары» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 3 тамыздағы №393 бұйрығымен бекітілген, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» №648 бұйрығын басшылыққа алып, жұмыстанып келеді.

«Сырым аудандық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесі қызметінің ішкі сыбайлас жемқорлыққа қарсы талдау жұмыстарына 2017 жылдың 10 айлығында келесі бағыттар кіреді:

Бөлімде кадрлардың ауысушылығы болған жоқ.

Бөлімде штат саны 11 бірлікті құрайды, соның ішінде 4 бірлік мемлекеттік қызметші. Сырым аудандық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөліміндегі 4 мемлекеттік қызметші атқаратын лауазымына сәйкес келеді деген шешім қабылданған. Сырым аудандық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөліміндегі 7 техникалық қызметші жұмыс жасайды.

2016 жылдың 10 айы бойынша ауданда 197 мемлекеттік қызмет көрсету түрі бойынша өтініш қабылданған. Қағаз түрінде –142, электронды портал арқылы және «е-лицензия» порталдары арқылы- 4, мемлекеттік коорпарация арқылы- 51 қызмет көрсетілген. Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыру барысында мемлекеттік қызмет көрсететін жауапты мамандар 2 семинар және «Сырым елі» қоғамдық –саяси газетінде 1 мақала жариялаған.

2017 жылдың 10 айлығында ауданда 274 мемлекеттік қызмет көрсетілген. Соның ішінде қағаз түрінде 226, қызмет берушінің ақпараттық жүйесі арқылы электронды 29, азаматтарға арналған үкімет мемлекеттік коорпарациясы арқылы 19 мемлекеттік қызмет, 1 мемлекеттік қызмет мерзімі бұзылып көрсетілген.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тақырыбында 2 дөңгелек үстел өткізілді. «Сырым елі» қоғамдық-саяси газетіне 1 жарияланған.

2016 жылдың 10 айлығында 27 өтініш тіркелсе, 2017 жылдың 10 ай бойынша 45 өтініш тіркелді.

2016 жылдың 10 айында тіркелген 27 өтініштің 22-сі арыз, 3 шағым, 2 ұсыныс. 27 өтініштің 1-і тұрғындардың жеке қабылдауы, заңды тұлғадан келіп түскен жоқ. 27 өтініштің 12 қанағаттандырылса, 5 түсіндірілген. 10 төмен тұрған бағынысты мекемелерге жіберілген. 27 өтініш қазақ тілінде келіп түскен.

2017 жылдың 10 айында тіркелген 45 өтініштің 45 арыз. 45 өтініштің 1-уі тұрғындардың жеке қабылдауы, заңды тұлғадан келіп түскен жоқ. 45 өтініштің 1 қанағаттандырылса, 20 түсіндірілген, 1 тоқтатылған. 11-і төмен тұрған бағынысты мекемелерге жіберілген. 34 өтініш қазақ тілінде келіп түскен.

Аудан әкімі аппаратының жалпы бөліміне жеке және заңды тұлғалардың өтініштерінің тоқсандық, жарты жылдық, жылдық есептері, айлық анықтамалар, акттер және мәліметтер уақытымен тапсырылған.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жадынамалар аудан тұрғындарына 51 дана таратылған және 8 плакаттар көпшілік жиналатын қоғамдық орындарға орналастырылған.

Барлық мемлекеттік қызметшілер кірістер және мүлік туралы декларацияларды мемлекеттік кірістер органдарына уақытында ұсынды.

Сырым аудандық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің 1 мемлекеттік қызметшісіне өз міндетін атқармағаны үшін ескерту түріндегі тәртіптік жаза қолданылды.

Басқа қызметкерлердің тәртіптік жазалары жоқ.

2017 жылдың 10 айында 54 бұйрық қабылданды, мемлекеттік қызметшілердің қозғалысы жөнінде 47 бұйрық «Е-қызмет» ықпалдастыру ақпараттық жүйесіне енгізілді.

